

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

\*<sup>1</sup>Ж.У.ЗАКИРЬЯНОВА<sup>ID</sup>, <sup>1</sup>Г.Г.ЖУСУПБЕКОВА<sup>ID</sup>

<sup>1</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті  
(Көкшетау, Қазақстан)

\*[Jadyra1298@gmail.com](mailto:Jadyra1298@gmail.com), [g.g.zhussupbek@gmail.com](mailto:g.g.zhussupbek@gmail.com)

### Аңдатпа

XXI ғасыр - жоғары компьютерлік технологиялар ғасыры. Қазіргі бала электронды мәдениет әлемінде өмір сүреді. Ақпараттық мәдениеттегі мұғалімнің рөлі де өзгереді – ол ақпарат ағынының үйлестірушісі болуы керек. Сондықтан мұғалім баламен бір тілде сөйлесу үшін заманауи әдістер мен жаңа білім беру технологияларын меңгеруі керек. Бастауыш сынып мұғалімінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі-ой-өрісін кеңейту, қоршаған әлем туралы білімді тереңдету, балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру, сөйлеуді дамыту. Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және оларды біздің елімізге енгізу қазіргі баланың жеке басының дамуына із қалдырды. Бүгінгі таңда "мұғалім - оқушы - оқулық" дәстүрлі схемасына жаңа буын - компьютер, ал мектеп санасына - компьютерлік оқыту енгізілуде. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бөліктерінің бірі білім беру пәндерінде ақпараттық технологияларды қолдану болып табылады.

*Түйін сөздер:* цифрлық сауаттылық, АКТ, технология, цифрлық орта, платформалар, құзыреттілік.

*«Оқушының жаңа технологияларды қолдануы  
аса маңызды емес, қолдану барысында  
технология біліміне қалай әсер етеді сол маңызды»  
С.Эрман*

### Кіріспе

Қоғамның талаптарына сай білім беруде ұстаздардың алдында, оның ішінде бастауыш білім беру жүйесінде жаңа әдістерді енгізу, оқушының қызығушылығын ояту, жаңартылған білім беру мазмұнына сай тұтас педагогикалық процесс үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, сыни тұрғыдан ойлай алу көзқарасы қалыптасқан, сауатты оқитын, бәсекеге қабілетті білім алуға талпынған жеке тұлға қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) үздіксіз дамуына байланысты, заманауи ақпараттық қоғамның талаптарына сай білім беру процесі де цифрландыру жүйесіне қарай қарқынды өзгеріп келеді. Білім беру жүйесіне әсер ете отырып, цифрландыру үдерісі оқушылардың бойында олардың ақпараттық қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайын болуына, осы қоғамда өз орнын табуына бағытталған құзыреттері мен дағдыларының қалыптасуы тұрғысындағы оқытудың белгілі бір нәтижелерінің болуын қажет етеді. Цифрландыру заманында интернет желісін қолдану, мобильдік байланыс құралдарын, электрондық құрылғылар мен мобильдік қосымшаларды қолдану оқушылар үшін бастауыш сыныптан бастап-ақ үлкен қажеттілікке айналып отыр және бұл нормативтік құжаттарда қажетті талап ретінде қарастырылып отыр.

XXI ғасыр – жоғары компьютерлік технологиялар мен электрондық мәдениет ғасыры. Қазір ақпарат қоғам дамуының стратегиялық ресурсына айналған кезең. Білім - салыстырмалы және үздіксіз дамушы ресурс көзі, өйткені ол тез ескіреді және ақпараттық қоғамда үнемі жаңаруды талап етеді. Қазіргі білім – үзіліссіз жаңалықтарды талап ететін процесс, ал бұл үдерістегі мұғалімдердің рөлі ақпарат ағынының үйлестірушісі болуы. Қызметтің барлық салаларына компьютерлік технологияларды жаһандық енгізу, білім беру жүйесінде жаңа коммуникациялар мен жоғары автоматтандырылған коммуникацияларды қалыптастырудың ақпараттық ортада дәстүрлі түрлендірудің бастамасы ғана емес, сонымен қатар қоғамда

ақпараттық жүйені қалыптастырудың алғашқы қадамы. Қазіргі мектептің басты міндеттері - жоғары техникалық әлемде әр оқушының қабілеттерін ашу, өмір сүруге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу.

### **Негізгі бөлім**

Бүгінде бұл әлемдегі барлық нәрсе өзгеріске ұшыраған кезде, білім беру жүйесі шетте қалмауы керек және әр түрлі түрлендірулер мен модернизациялар іске асырылуы керек. Білім берудегі цифрлық білім беру жүйесі деректер шегіне жетіп өзгерістерге ұшырап, болашақ жүйенің қалыптасуына себепші болып саналады.

Осы тұста, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 жылы 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Менің цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беретінімді баршаңыз білесіздер. Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес», - деп күн сайын цифрлық сауаттылықтың маңызы артып келе жатқаның тілге тие кетті [Тоқаев Қ.Ж., 2023].

«Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен білім алушыларға арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылады, бұл бүкіл оқу процесін цифрландыруға әкеледі», - деп білім берудегі тың өзгерістердің маңыздылығын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың «Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру» атты 2-бағытында атап кеткен [ҚР Үкіметінің қаулысы, 2023].

### **Әдістер**

Қазіргі заман бізге барлық жаңа сын-тегеуріндерді ұсынады, білім алушының қажетті дағдыларының біріне АКТ-құзыреттілігі айналды. Ұлттық жоба «Сапалы білім беру, білімді ұлт» бірінші міндет ретінде білім беру саласындағы қолжетімділік пен теңдікті қояды.

Білім беру жаңа деңгейге, «цифрлық білім беру ортасына» ауысты. Цифрландыру дегеніміз - заманауи және қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын құру, барлық түрдегі білім берудің жоғары сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін жаңа деңгейлер. Дәстүрлі оқытуға қарағанда білім алушыларға ақпаратты ұсынудың жаңа тәсілдерін қолдану, білім алудағы мотивацияға оң әсерін тигізеді. Акт-сауаттылық – жеке тұлғаның компьютердің, бағдарламалық өнімдер, олардың функциялары мен мүмкіндіктері қандай, «қажетті түймелерді басу» икемі, компьютерлік желілердің бар екендігі туралы білім.

### **Нәтижелер және пікір алмасу**

XXI ғасыр балаларының техникалық сауаттылық негіздерін зор ынтамен игеретіні жайлы отандық зерттеушілер, М.С.Муканованың, Ш.Т.Ержанованың және А.Бактыбекованың еңбектерінен көреміз. Балалар жаңа ортада өздерін жайлы әрі еркін сезінеді, жаңа техникалар мен қызметі жайлы оларды назарларына ұсынған сәттен бастап меңгере бастайды. Бұл бүгінгі қоғамдағы жиі өзгерістермен сипатталады, сол үшінде үйреншікті құбылыс деп түсіндіріледі. «Білім беруді цифрландыру – әлемдік, әлеуметтік-экономикалық, индустриялық, әсіресе білім беру жүйесінің өзекті тренді». Білім беруді цифрландыру және цифрлық трансформациялау тақырыбы Қазақстан Республикасында да, әлемде де педагогикалық қоғамдастықта барынша талқылынатын және өзектілігі сөзсіз мәселелердің бірі [Бактыбекқызы А. және т.б., 2021: 7-14 б]. Тиісінше, аталмыш мәселе аясында жүргізілген зерттеулер мысалдарын шексіз келтіруге болады. Солардың қатарында білім беруді цифрландырудың түрлі қыры, оқытуда құзыреттілік тұғырын қарастырған ғалымдар келесідей: В.В.Гриншкун, Д.М.Джусубалиева,

Е.В.Артыкбаева, А.Т.Чакликова, К.К.Колин, Е.Ы.Бидайбеков, Г.К.Нұрғалиева, Г.И.Абдрахманова, Ж.К.Сағалиева, И.В.Роберт.

Білім алушылардың оқуға деген уәждемесі мен танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында АКТ құралдарын қолдану туралы Б.Абықанова, Қ.Шадиев, Г.Қ.Нұрғалиевалардың еңбектерінде қарастырылса, Г.О.Тажигулованың, А.Е.Сейлханованың еңбектерінде білім беру барысында цифрлық білім берудің дамуы мен эволюциясы, цифрлық педагогика ұғымы мен мәні зерттеліп, зерделенген.

Цифрлық сауаттылық ұғымы отандық және шетелдік педагогикада кеңінен қолданылады. А.Мартин және басқа да авторлардың пікірі бойынша, цифрлық сауаттылық әр нәрседен хабардар болу, цифрлық құралдарды және сәйкестендіруге, қол жеткізуге, басқаруға, кіріктіруге, бағалауға, цифрлық ресурстарды талдау мен синтездеуге, жаңа білімдерді құрастыруға, медиахабарламалар жасауға, басқа адамдармен өмірдегі нақты жағдайларда араласуға арналған құралдарды тиісінше, конструктивті әлеуметтік әрекетті қамтамасыз ету және осы процестер бойынша ой өрбіту үшін қолдана білу деп саналады [Мартин А., 2006: 250 б]. Цифрлық сауаттылық туралы зерттеушілер қатарынан О.В.Ельцованың да пікірін кездестіреміз. Ол цифрлық сауаттылықты белгілі бір қабілет, атап айтқанда адамның компьютерлік технологиялар арқылы іздеп табу, ой түйю, қолдану, блок құрау және оны үлестіре білу қабілеті деп біледі [Ельцова О.В., 2020: 45 б].

Ерекше пікірлердің қатарынан Г.У.Солдатованың мынадай ойы көзге түсті. Оның ойы бойынша цифрлық сауаттылық интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалануға арналған білімдер мен дағдылардың жиынымен қарастырылады [Солдатова Г.У., 2013: 110 б]. Бұл пікірді де өз алдына дұрыс деп санауға болады. Р.К.Төлеубекова цифрлық сауаттылық тек компьютермен жұмыс жасау әрекетімен ғана шектеліп қалмайды деген пікір білдіреді. Оның ойынша ««цифрлық сауаттылық» ұғымы ақпараттық қызмет ретінде компьютерді пайдалана білу қабілетінің аясынан әлдеқайда кеңірек деңгейге шықты және технологиялық сауаттылыққа, яғни компьютерлік және ақпараттық-компьютерлік сауаттылыққа байланысты ұғымдармен қатар қарастырылады» деп ерекше атап өтеді [Төлеубекова Р.К., 2021: 154-156 бб].

Цифрлық сауаттылықтың әлеуметтенуін Л.Хейтин келесі топтарға бөліп көрсетеді:

- цифрлық контентті іздеп табу және тұтыну;
- цифрлық контентті құру;
- цифрлық контентті жолдау және онымен алмасу.

Цифрлық сауаттылықты зерттеу нәтижелерін қарап талдай келе, «цифрлық сауаттылық» ұғымы өте кең көлемде дамыған, ауқымды мағынаға ие, сан түрлі мағыналы екенін тұжырымдаймыз. Қарастырылған көптеген дерек көздерде цифрлық сауаттылық білім көздерінің, бейімделулердің, дағдылардың жиынтығы деп көрсетіледі.

Біздің тақырып аясында бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығы олардың оқу қызметін қауіпсіз және тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін дидактикалық аспектілерді қолдану арқылы белгілі бір цифрлық білімдер мен бейімдерді меңгеруі деп қарастырамыз. Цифрлық сауаттылық тек білім беру нәтижесіне қол жеткізу үшін жасалатын туынды емес, сонымен бірге білім алушылардың ақпараттық дағдылар көрсеткішін арттыра алатын цифрлық білім беру ортасын ұйымдастыру болып табылады. Цифрлық орта ұғымы туралы В.А.Ясвиннің еңбектерінен кездестіреміз. Ол цифрлық білім ортасы – қоғамдағы және кеңістіктегі жеке тұлғаның дамуына, қалыптасуына әсер ететін ақпараттық жүйе [Ясвин В.А., 2001: 46 б]. «Цифрлық технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарының қолданылуымен жанамаланған білім беру қызметіндегі қарым-қатынастар кешені, ол білім беру процесінің субъектілеріне мәдениеттілікті, өзін-өзі іске асыру тәсілдерін меңгеру, әлеуметтік қарым-қатынастар орната білу жөніндегі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік

береді», деп О.Н.Шилова цифрлық ортаның тұлға бойына әсер ететін тұстарына қысқаша тоқталған [Шилова О.Н., 2020: 36-41 бб.].

Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық мектептерде компьютерлік техникалар жүйесі, ғаламтор желісі, электрондық журнал, онлайн оқытуды жүзеге асыратын платформалар, цифрлық ресурстар және өзге де компоненттердің көмегімен іске асырылады. Қазіргі уақытта білім алушының шығармашылық қабілеттерін ашу, оның баламалы ойлау қабілеті, оқу сапасын арттыру жеке тұлғаны дамытуда заманауи ақпараттық технологиялардың дидактикалық әлеуетін пайдалану тәсілдерін әзірлеу өзекті болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта барлық деңгейді модернизациялау еліміздегі білім беру оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу арқылы жүзеге асырылады. Ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істеу, іріктеу, талдау және дамуды көздейтін қажетті оқу материалын қолдану, әлеуметтік-мәдени ортада бағдарлай білу және осы мамандық шеңберінде рөлдік репертуармен танысу, арнайы модельдер мен жаңа тәсілдер оқушылардың дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бұл мәселені тиімді шешу дәстүрлі оқыту мен ақпараттық технологиялардың үздік құралдарының дидактикалық тұрғыдан орынды ақпараттық-оқыту ортасын қалыптастырумен өзара байланысының педагогикалық негіздемесімен ұштасады. Жоғары және орта мектептердегі білім беру процесін ақпараттандырудың әртүрлі аспектілерін келесі зерттеушілер қарастырады: А.А.Андреев, М.Кастельс, Н.А.Кузнецов, Е.С.Полат, И.В.Роберт. Аталған авторлар негіздеген жалпы қағидаттар мен әдіснамалық көзқарастар білім алу үдерісінде интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін ашу үшін негіз жасайды. Алайда, ақпараттық-коммуникациялық оқытудың дидактикалық және әдістемелік аспектілері тәжірибеде жеткілікті түрде ашылмаған. Оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес формалары мен әдістерінің өзара байланысын бақылайтын мамандандырылған бағдарламалар жоқ.

Осы айтылған мәселелер төңірегінде біз мынадай түйін шығарамыз. Білім алушыларға жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруда заманауи ақпараттық технологияларды (интернет-ресурстарды) тиімді пайдаланудың педагогикалық шарттары, нысандары мен әдістерін дұрыс ұйымдастыру немесе жаңашыл ресурстарды ұсыну. Бұл сұраққа жауап беру актуальды мәселе болып табылады. Аталған мәселені шешуге бір табан жақындау үшін алдымен теориялық нобайы қарастырылады. Яғни, қандай мәселелер бар, оның пайда болуына не себеп?, қиындықтар қандай? және т.б. деген сияқты.

Оған осындай қарапайым алғашқы міндеттерді қойсақ болады.

- 1) ақпараттық технологияларды пайдаланудың алғышарттарын анықтау білім беру процесінде;
- 2) Интернет-технологиялардың мәні мен мазмұнын ашып, оларды тұтас педагогикалық процесте қолдану мүмкіндіктері;
- 3) оқытушының педагогикалық қызметінің құзыреттіліктерін анықтау, интернет-технологияларды қолдану шарттары;
- 4) Интернет-ресурстарды пайдалану технологиясын әзірлеу және оны пайдалану.

Жалпы білім беру үдерісінде қандай да өзгерістер орын алмасын, оны оқыту процесіне жылдам енгізу үшін мұғалімнің атқаратын рөлі зор. Мұғалім оқушы мен білім берудің арасындағы көпір іспеттес. Цифрлық сауаттылық жетекшінің бастауымен, басқаруымен бірте-бірте меңгерілетін ұзақ процесс. Қазір де болашақта да педагог дайын білім беріп қана қоймай, оқушыны оны өндіруге және сауатты пайдалануға үйретуі керек: оның міндеті – балаларды оқуға үйрету. Болашақ педагогтің негізгі құзыреттері, бір жағынан АКТ құзыреттілігі болып табылады. Педагог заманауи технологиялық үрдістер туралы білімдерін, электрондық білім беру ресурстарымен, заманауи гаджеттермен және қосымшалармен жұмыс істеу дағдыларын көрсетуі тиіс. Кез келген басқа кәсіптің адамы сияқты, мұғалімде цифрлық сауаттылық, яғни сандық қоғамда өмірге қажетті негізгі білім, дағдылар мен көзқарастар болуы керек. Өз

кезегінде мұғалімнің АКТ құзыреттілігі - бұл білім, дағдылар және көзқарастар. Ол өзінің барлық кезеңдерінде оқу процесін ұйымдастыру үшін АКТ-ны еркін қолдана алады. АКТ маңызды болған жерде мәселелерді шешуге көмектеседі. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын бағалауды неден бастау керек?

Осы сұрақ төңірегінде келесідей ашық сұрақтар туындайды:

- бүгінгі таңда мұғалімдер оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыра ала ма, жоқ па?
- мұғалімдердің өздері бұл үшін цифрлық сауаттылықтың жеткілікті деңгейіне ие ме?
- мұғалімдер білім беруді цифрландыруға дайын ба, және АКТ-ны білім беру процесінде тиімді қолдана ала ма?

Осы сұрақтарға жауап іздеу арнайы сауалнаманы қажет етеді. Сауалнаманың мақсаты қазіргі мұғалімдер жеткілікті деңгейдегі цифрлық құзыреттілікке ие ме және осы білімді оқыту процесінде тиімді қолдана алады ма? Деректерді жинау мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына онлайн-сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылды. Сауалнама жабық және ашық сұрақтарды қамтиды. 1, 2-кестеде мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы бойынша сауалнама сұрақтары көрсетілген.

1-кесте

### 1 сұрақтар блогы

1.	1. Маңызды шешімдер қабылдаған кезде мен бірнеше ақпарат көздерін пайдаланамын 2. Маңызды шешімдер қабылдаған кезде мен ең сенімді ақпарат көзін пайдалануға тырысамын
2.	1. Егер маған интернеттен қандай да бір ақпаратты табу керек болса, мен мұны оңай жасай аламын 2. Әдетте Интернеттен қажетті ақпаратты табу қиынға соғады
3.	1. Ақпарат пайдалы да, зиянды да болуы мүмкін. Зиянды ақпараттың таралуын шектеу керек 2. Кез келген ақпарат пайдалы. Ешқандай ақпараттың таралуын шектеуге болмайды
4.	1. Компьютер мен бағдарламалық жасақтаманың қаншалықты деңгейде игеретінімді бағалау маған қиын 2. Мен қазіргі заманғы компьютер мен бағдарламалық жасақтаманы қаншалықты қолданатынымды бағалай аламын
5.	1. Компьютерде жұмыс істеу маған қиындық тудырады 2. Мен үшін компьютерде жұмыс істеу – бұл үйреншікті процесс, қиындық тудырмайды
6.	1. Компьютер маған жұмыс немесе оқу үшін емес, ойын-сауық пен бос уақыт үшін қажет 2. Компьютер маған күнделікті тапсырмаларды (мысалы, жұмыс немесе оқу) шешуге көмектеседі.
7.	1. Кез келген интернет пайдаланушысы мыңдаған басқа адамдар көре алатын жаңалықты немесе хабарламаны (мәтіндік, бейне, аудио) желіде орналастыра аламын 2. Жаппай хабарлама, жаңалықтар орналастыру үшін арнайы нұсқаулыққа ие болу керек, интернет-БАҚ-та жұмыс істеу керек
8.	1. Маған жаңалықтар мен оқиғалар ағынын шарлау, оқиғалар мен жаңалықтарды қадағалау қиын 2. Мен әрқашан соңғы оқиғалар мен жаңалықтардан хабардар болуды білемін
9.	1. Мен кейбір әлеуметтік желілер мен мессенджерлер туралы естідім, бірақ олардың бүгінгі күні қаншалықты танымал екенін айта алмаймын 2. Мен бүгінгі таңда ең көп таралған мессенджерлер мен әлеуметтік желілерді сенімді түрде атай аламын
10.	1. Мен байланыс үшін заманауи байланыс құралдарын (мессенджерлер, әлеуметтік желілер) еркін пайдалана аламын 2. Байланыс үшін заманауи байланыс құралдарын (мессенджерлер, әлеуметтік желілер) пайдалану мен үшін қиын
11.	1. Интернетте қарым-қатынастың жалпы қабылданған құрмет нормалары сақталуы керек 2. Интернет бұл бос кеңістік, оған жалпы қабылданған қарым-қатынас нормаларын ұстанудың қажеті жоқ

12.	1. Мен технологиялық жаңалықтардан хабардар болуға тырысамын, технология саласындағы трендтерді қадағалаймын 2. Мен технология саласындағы трендтер мен жаңалықтарға онша қызығушылық танытпаймын
13.	1. Заманауи технологияларды (гаджеттер мен қосымшалар) пайдалану маған қиындық тудырмайды 2. Маған заманауи технологияларды (гаджеттер мен қосымшалар) меңгеру қиын болуы мүмкін
14.	1. Заманауи гаджеттер мен қосымшалар адамдарға күнделікті өмірде көмектеседі, өмірді жеңілдетеді 2. Гаджеттер мен қосымшалар жиі кедергі келтіреді, адамдарды шынымен маңызды нәрселерден алшақтатады

2-кесте

## 2 сұрақтар блогы

1) Мен студенттермен, оқушылардың ата-аналарымен және әріптестерімен сөйлесу үшін әр түрлі сандық платформаларды үнемі қолданамын, мысалы, электрондық пошталар, блогтар, форумдар, білім беру ұйымының веб-сайты немесе әртүрлі қосымшалар.	1. Мен сандық байланыс арналарын пайдаланбаймын немесе сирек қолданамын 2. Мен ең қарапайым сандық байланыс арналарын (электрондық пошта) қолданамын 3. Мен электрондық пошта сияқты әртүрлі байланыс арналарын, сондай-ақ сынып блогын немесе мектеп, институционалдық веб-сайтты, мессенджерлерді, әлеуметтік медиа топтарды қолданамын 4. Мен тиімді жұмыс қарым-қатынасы үшін әртүрлі сандық шешімдерді жиі таңдаймын, конфигурациялаймын және біріктіремін 5. Мен өзімнің байланыс құралдарымды (блог, форум, өз сайтым) талдаймын, талқылаймын және белсенді түрде дамытамын
2) Мен цифрлық технологияны білім беру ұйымымда да, одан тыс жерлерде де әріптестеріммен бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданамын.	1. Мен цифрлық технологиялар арқылы басқа оқытушылармен сирек араласамын 2. Кейде мен материалдарды әріптестеріммен, мысалы, электрондық пошта арқылы алмасамын 3. Әріптестеріммен ортақ компьютерлік желіде жұмыс істейміз немесе ортақ дискілерді/серверлерді/ бұлтты технологияларды қолданамыз 4. Мен басқа білім беру ұйымдарының оқытушыларымен онлайн режимінде, мысалы, кәсіби онлайн қауымдастықтарда, әлеуметтік желілерде, білім беру порталдарында немесе басқа сайттарда идеялар мен материалдармен алмасамын 5. Мен бұлтты құжаттармен жұмыс жүйелерінде әртүрлі ұйымдардың басқа оқытушыларымен бірге материалдар жасаймын
3) Мен цифрлық технологияларды оқытуда қолдану дағдыларымды белсенді түрде дамытамын.	1. Менің цифрлық технологияларды қолдану дағдыларымды дамытуға бос уақытым жоқ 2. Мен цифрлық технологияларды оқу процесінде қолдану дағдыларымды өз бетімше жетілдіріп жатырмын 3. Мен цифрлық оқыту процесінде пайдалану дағдыларымды дамыту үшін бірқатар ресурстарды пайдаланамын 4. Мен әріптестеріммен оқу процесін жақсарту үшін цифрлық технологияны қалай пайдалануға болатынын талқылаймын 5. Мен әріптестеріме оқу процесін жақсарту үшін цифрлық технологияны қолданудың өзіндік әдістері мен стратегияларын жасауға көмектесемін
4) Мен онлайн-тренингтерге қатысамын, онлайн-тренингтен өтемін. Мысалы, онлайн курстар,	1. Бұл мен үшін жаңа аймақ, мен бұл туралы әлі ойлаған жоқпын 2. Менде әлі мұндай тәжірибе жоқ, бірақ мен мұндай оқуға

<p>вебинарлар, онлайн конференциялар және т. б.</p>	<p>қызығушылық танытамын 3. Мен онлайн-тренингке 1-2 рет қатыстым 4. Мен әртүрлі курстар мен онлайн оқыту алаңдарын сынап көрдім 5. Мен онлайн оқытудың әртүрлі түрлеріне жиі қатысамын</p>
<p>5) Мен интернетті оқу жұмысында қолдануға болатын дұрыс ақпараттық ресурстарды табу үшін қолданамын.</p>	<p>1. Мен мұндай ресурстарды, материалдарды табу үшін интернетті сирек қолданамын 2. Мен тиісті ресурстарды табу үшін іздеу жүйелері мен білім беру порталдарын қолданамын 3. Мен ресурстарды олардың оқушылар тобына сәйкестігі тұрғысынан бағалаймын және сәйкестендіремін 4. Мен ресурстарды бірқатар критерийлер арқылы салыстырамын (мысалы, олардың сенімділігі, сапасы, сәйкестігі, дизайны, интерактивтілігі) 5. Мен әріптестеріме дұрыс ресурстар мен оларды табу стратегиялары туралы кеңестер беремін</p>
<p>6) Мен оқушыларға пайда әкелу үшін цифрлық технологияны қалай және қандай жағдайларда қолдану керектігін әрқашан мұқият қарастырамын.</p>	<p>1. Мен цифрлық технологияны сабақтарда қолданбаймын немесе сирек қолданамын 2. Мен негізінен сандық тақта немесе проектор сияқты стандартты жабдықты қолданамын 3. Мен оқу процесінде әртүрлі сандық материалдар мен құрылғыларды қолданамын 4. Мен оқу процесін үнемі жетілдіру үшін цифрлық технологияны қолданамын 5. Мен инновациялық педагогикалық стратегияларды, оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу үшін цифрлық құралдарды қолданамын</p>
<p>7) Мен біз қолданатын бірлескен интерактивті онлайн орталарда оқушылар арасындағы жұмыс пен байланысты бақылаймын.</p>	<p>1. Біздің жағдайда қолданылмайды: біз интерактивті онлайн орталарды оқушылармен бірге қолданбаймыз 2. Мен оқушылардың біз қолданатын онлайн ортадағы әрекеттерін бақыламаймын 3. Кейде мен жалпы онлайн ортамызды бақылаймын, оқушылардың пікірталастарын бақылаймын 4. Мен оқушыларымының онлайн әрекеттерін үнемі қадағалап, талдаймын 5. Мен мотивациялық немесе түзету түсініктемелері бар онлайн пікірталастарға үнемі қатысамын</p>
<p>8) Мен оқушыларға оқуды өз бетінше жоспарлауға, құжаттауға және бақылауға мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды қолданамын. Мысалы, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылау сынақтары, блогтар мен күнделіктердің мысалдары</p>	<p>1. Бұл менің кәсіби қызметімде мүмкін емес 2. Менің оқушыларым өз үлгерімін, жетістіктерін өз бетінше бағалай алады, бірақ цифрлық технологиямен емес 3. Мен оқушыларға, мысалы, өзін-өзі бағалауға арналған электронды тестілерді ұсынамын 4. Мен студенттерге оқу процесінде өзін-өзі бағалауды жоспарлауға, құжаттауға және жүргізуге мүмкіндік беретін әртүрлі сандық құралдарды қолданамын 5. Мен оқушыларға оқуын жоспарлауға, олардың үлгерімін бағалауға, жетістіктері мен қателіктерін көруге мүмкіндік беру үшін әр түрлі сандық құралдарды үнемі біріктіремін</p>

### Қорытынды

Сауалнама нәтижесінде мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларының цифрлық сауаттылық бойынша қолдану дәрежелері мен ақпараттық кеңісігі анықталды. Мүмкін болатын 100% көрсеткіштің орташа деңгейі көрсетілді.



1 сурет. 1, 2-сұрақтар блогы бойынша көрсеткіш

Сандық сауаттылық деңгейін арттыру үшін мұғалімдерге қажет білім мен дағдыларды өз бетінше дамыту маңызды. Жаңашылдыққа қарай ұмтылу алдымен әр адамның ішкі уәжіне тәуелді. Қазіргі заманда компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету салалары қарқынды даму үстінде. Білім беру жүйесі үздіксіз даму үстінде екені баршаға мәлім. Бұл сала мамандары да үнемі өз білімдерін шындап отыру қажет. Цифрлық сауаттылық, компьютерлік білім, АКТ-лар бойынша мұғалімдерде кем дегенде базалық білім болу керек. Қозғалмалы білім әрі қарай да дами түседі, сондықтан сауаттылықтың шыңына ұмтылу ешқашанда кеш емес.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары (2023). *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы*, Akorda, 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletти-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (өтінім берілген күні: 01.09.2023).
- Бақтыбекқызы А., Мұқанова М.С., Ержанова Т. (2021) Мектеп оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру негізі. *Қазіргі әлемдегі өзекті ғылыми зерттеулер*, 2-5(70), 304.
- Ельцова О.В. (2020) Кіші сандық сауаттылықтың мазмұны мен даму деңгейлері. *Ғылым мен білімнің заманауи мәселелері*, 5, 42-49 б.
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (2023) *Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы*, 28 наурыз, 249 [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (өтінім берілген күні: 01.09.2023).
- Мартин А., Грудзецкий Д.Ж. (2006) Цифрлық сауаттылықты дамытудың тұжырымдамалары мен құралдары. *Ақпараттық және информатика саласындағы оқыту мен оқытудағы инновациялар*, 5, 4, 249-267.
- Солдатова Г.У. (2003) *Сандық сауаттылық және интернеттегі қауіпсіздік*. М., 311.
- Төлеубекова Р.К. (2021) Цифрлық технологияларды дамыту жағдайындағы цифрлық сауаттылық. *Ғылым және әлем*, 8(12), 298.
- Шилова О.Н. (2020) Сандық білім беру ортасы: педагогикалық көзқарас. *Адам және білім*, 2(63), 103.
- Ясвин В.А. (2001) *Білім беру ортасы: модельдеуден дизайнға дейін*. М., 365.

### References

- Adiletти Kazakstannyn ekonomikalyk bagdary (2023). Memleket basshysy Kasym-Zhomart Тоқаевтын Kazakstan halkyna Zholdauy, Akorda, 1 kyrkujek [Elektrondyk resurs]: URL:

<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdaury-18333>

(otinin

berilgen kuni: 01.09.2023).

Baktybekkyzy A., Mukanova M.S., Erzhanova T. (2021) Mektep okushylarynyn cifrlyk sauattylygyn kalyptastyru negizi. Kazirgi alemdegi ozekti gylymi zertteuler, 2-5(70), 304.

El'cova O.V. (2020) Kishi sandyk sauattylyktyn mazmuny men damu dengejleri. Gylym men bilimnin zamanai maseleleri, 5, 42-49.

Kazakstan Respublikasynda mektepke dejingi, orta, tekhnikalyk zhane kasiptik bilim berudi damytudyn 2023-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly (2023) Kazakstan Respublikasy Ukimetinin kaulysy, 28 nauryz, 249 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (otinin berilgen kuni: 01.09.2023).

Martin A., Grudzeckij D.Zh. (2006) Cifrlyk sauattylykty damytudyn tuzhyrymdamalary men kuraldary. Akparattyk zhane informatika salasyndagy okytu men okytudagy innovaciylar, 5, 4, 249-267.

Soldatova G.U. (2003) Sandyk sauattylyk zhane internettegi kauipsizdik. M., 311.

Toleubekova R.K. (2021) Cifrlyk tekhnologiyalardy damytu zhagdajyndagy cifrlyk sauattylyk. Gylym zhane alem, 8(12), 298.

Shilova O.N. (2020) Sandyk bilim beru ortasy: pedagogikalyk kozqaras. Adam zhane bilim, 2(63), 103.

Yasvin V.A. (2001) Bilim beru ortasy: model'deuden dizajnga dejin. M., 365.

### **Важность развития цифровой грамотности младших школьников**

*\*<sup>1</sup>Ж.У.Закирьянова, <sup>1</sup>Г.Г.Жусупбекова*

*<sup>1</sup>Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова (Кокшетау, Казахстан)*

#### *Аннотация*

XXI век - век высоких компьютерных технологий. Современный ребенок живет в мире электронной культуры. Меняется и роль учителя в информационной культуре-он должен быть координатором информационного потока. Поэтому педагог должен овладеть современными методами и новыми образовательными технологиями, чтобы общаться с ребенком на одном языке. Одной из главных задач, стоящих перед учителем начальных классов, является расширение кругозора, углубление знаний об окружающем мире, повышение умственной активности детей, развитие речи. Стремительное развитие новых информационных технологий и их внедрение в нашу страну наложили отпечаток на развитие личности современного ребенка. Сегодня в традиционную схему "учитель-ученик-учебник" внедряется компьютер нового поколения, а в школьное сознание - компьютерное обучение. Одной из основных частей информатизации образования является использование информационных технологий в образовательных дисциплинах.

*Ключевые слова:* цифровая грамотность, ИКТ, технологии, цифровая среда, платформы, компетентность.

### **The importance of developing digital literacy in primary school students**

*\*<sup>1</sup>Zh.U.Zakiryanova, <sup>1</sup>G.G.Zhussupbekova*

*<sup>1</sup>Sh.Ualikhanov Kokshetau University (Kokshetau, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

XXI century - the century of high Computer Technologies. The modern child lives in the world of electronic culture. The role of the teacher in the information culture is also changing – he must be the coordinator of the flow of information. Therefore, the teacher must master modern methods and new educational technologies in order to communicate with the child in the same language. One of the main tasks facing a primary school teacher is to expand their horizons, deepen knowledge about the world around them, increase the mental activity of children, and develop speech. The rapid development of new information technologies and their introduction into our country left an imprint on the development of the personality of a modern child. Today,

a new generation is being introduced into the traditional scheme "teacher-student-textbook" – a computer, and in the school consciousness – computer training. One of the main parts of informatization of education is the use of information technologies in educational disciplines.

*Keywords:* digital literacy, ICT, technology, digital environment, platforms, competence.

Поступила в редакцию: 21.02.2024

Одобрена: 11.03.2024

Первая публикация на сайте: 12.01.2025

MPHTI: 14.29.27

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-1.09>

## АКТУАЛЬНЫЕ МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ ЛЕКСИКИ У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА

\*<sup>1</sup>Д.Д.СУНДЕТОВА<sup>id</sup>, <sup>1</sup>О.В.ЗАВАЛИШИНА<sup>id</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)

\*[budetgroza@gmail.com](mailto:budetgroza@gmail.com), [olga.zavalishina@mail.ru](mailto:olga.zavalishina@mail.ru)

### Аннотация

В данной статье представлен теоретический анализ исследований, посвященных проблеме развития словарного запаса у детей с нарушением слуха, начиная от ретроспективного рассмотрения трудов отечественных ученых, и заканчивая обзором методик, предлагаемых современными исследователями. В статье проанализированы основные подходы к решению данной проблемы в разные временные периоды. Прослеживаются изменения в представлениях и взглядах на особенности формирования речи в условиях сенсорной депривации. Показаны преимущества современных технологий и методик, применяемых для формирования и развития словарного запаса у данной категории детей. Проведенный анализ литературных источников по проблеме исследования позволит выделить наиболее эффективные подходы и технологии, которые могут быть использованы в современном образовательном процессе для формирования и развития лексической стороны речи и детей с нарушениями слуха.

*Ключевые слова:* особенности словаря, дети с нарушениями слуха, словарный запас, лексика, речевое развитие.

### Введение

В соответствии с основными направлениями развития образования в Республике Казахстан, требования Закона Республики Казахстан «О социальной медико-педагогической и коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» от 11.07.2002 года № 343, важной задачей на текущем этапе является создание и обеспечение условий, способствующих получению высококачественного образования детьми, имеющими особые образовательные потребности [ЗРК, 2002].

Дети с нарушениями слуха – это особая категория детей, которая сталкивается с проблемами в процессе обучения и нуждается в психолого-педагогической поддержке. Недостаточное развитие слухового восприятия в раннем возрасте негативно влияет на их речевое развитие, способностях к обучению, а также адаптацию в социальной среде. Развитие лексики играет важную роль в процессе адаптации детей к социальной среде и успешному взаимодействию с ней. Именно поэтому выявление особенностей словаря и его дальнейшее развитие у детей с нарушениями слуха является одним из основных аспектов актуальности данной темы. Решение данной проблемы создаст предпосылки для развития когнитивных и языковых функций детей с нарушением слуха, которые значительно повышают уровень их образования и жизненных компетенций. Основной целью данного исследования является изучение и анализ различных подходов и методик формирования и развития лексической стороны речи у